

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ, ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Амангалиева Фатима Умирбековна
Ақтөбе қаласы №13 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауы мен әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясындағы басым бағыттардың бірі, осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту салаларына зор маңыз беру. Жасыратыны жоқ, бәсекеге қабілеттілік еселеп артқан заманға келіп ендік. Қоғамдық өмірдің барша саласында, соның ішінде білім мен ғылым жүйесінде – жайбарақаттық пен енжарлыққа жол жоқ. Дәуір талабы мен жаңа экономикаға жауап бере алатын талапты да талантты жастарға кең жол ашып, өмір - тұрмысқа қажетті мамандықтармен қамтамасыз етудің сәті келді.

Қазақтың көрнекті ұстаздарының бірі, ағартушы – педагог С.Көбеевтің ұстаздық қызметінде баламен ынтымақты қарым-қатынас туралы айтылғаны мәлім. Ынтымақтастық оқушы мен ұстаздың бір-бірінің жан дүниесін түсініп, ортақ іс-әрекеттің барысы мен нәтижесін де бірігіп талдауы қажет. Қарым-қатынас жүйесі ретінде ынтымақтастық сан алуан болғанымен оның ішінде ең маңыздысы «мұғалім-оқушы» қатынасы «оқушы-оқушы» қатынастарындағы ынтымақтастық мектептегі ұжымдар арасындағы достастық, бірігіп жұмыс істеу, шығармашылық одақта болу, бірге басқару сияқты әр алуан түрде жүзеге асады.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекеттің басты назарында. Оның дәлелі Кембридж бағдарламасы ұсынып отырған жеті модульдің бірінде – талантты және дарынды балаларды оқытуды қарастыруында.

Дарындылық – қабілеттер иерархиясының құрылымдық бөлшегі. Дарындылық – өзіндік ерекшелік, қабілеттер үйлесімі. Қабілеттілік сияқты дарындылық та туа бітпейді, ол дамуда өмір сүреді (Б.М. Теплов). Жалпы дарындылық – салыстырмалы түрде, кең және әмбебап психологиялық бөлшектердің (жады, зият) дамуы. Арнайы дарындылық ерекше қызмет түріне жатады. Бұл бөлініс шартты, жалпы да, арнайы да қабілеттер өзара бірлікте «өмір сүреді». Адамдардың дарындылықтары мен қабілеттері сандық емес, сапалық тұрғыдан ерекшеленеді. Дарындылықтың сапалық ерекшеліктері бір адамның бір салада, екіншісінің басқа салада дарынды болуымен ғана емес, дарындылықтың қалыптасқандық деңгейімен де көрінеді. Қабілеттерден сапалық айырмашылықты іздеу – психологияның маңызды міндеті.

Оқушы тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның аралық ерекшеліктерін танып дұрыс бағытта дамыту, әртүрлі әлеуметтік және моральдік психологиялық жағдайларда қолдау көрсету көкейкесті мәселеге айналып отыр. Мектепте оқу тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын негізінде оқушылардың сана сезімі, ақыл ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан олардың дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыруы қажет. Жеке тұлға қабілеттеріне бағытталған оқу процесі әр педагогтың өзіне, өз ісіне және өзгеге деген жауапкершілігі артып, оқушымен қарым-қатынасын берік сенімге негіздегенде ғана игі нәтижесін байқатуы мүмкін. Педагог оқыту мен тәрбиелеу ісін ұйымдастырушы ғана емес, балаға серік, кеңесші қызметін де атқарады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортасына құрметпен қарау көзқарасы қалыптасып, интеллектуалдық таным қабілеті ашылады.

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады.

Ойы жүйрік, ақылы жетік, өзін-өзі реттей алатын, бәсекеге қабілетті өзгерістерге бейім жеке тұлғаны жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады.

Қазақ әдебиеті пәні шығармашылыққа шыңдайтын жол болғандықтан мен әрбір сабағымда шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың ішінен талантты және дарынды оқушыларды

анықтауға маңызды қадам жасадым. Қ. Аманжолов өмірі мен қызметі «Өзім туралы» өлеңі тақырыбындағы сабақта топқа бөлу кезінде ақын шығармаларындағы «Сарыарқа», «Орал», «Жайық», «Ертіс» деген өлең аттарымен бөлген болатынмын. Оқушы: «Қасым ақынның жүрегі өте кең екен. Ақындар көп жағдайда тек туған жерін жырға қосатын еді. Ал Қасым көкеміз Қарағанды облысында туғанымен Қазақстанның көптеген жерлеріне өлең шығарыпты, мүмкін біз білмейтін жерлерді тағы да өлең жырларына қосқан болар» - деп мен күтпеген түйін сөзімен ерекшеленді. Бұл оқушының жауабына тағы бір оқушы «Біз ақынның өмірбаяны туралы топпен қарастырған кезде мен Қасым Аманжоловтың Орал қаласындағы педагогикалық институтта білім алғанын білген болатынмын. Демек ақын туған жерін ғана емес, өзі білім алған, ауасын жұтқан жерлерді де жырға қосып «Орал», «Жайық» деген өлеңдер де шығарған деп ойлаймын»- деп жауап беріп, есте сақтау қабілетінің деңгейімен ерекшеленді. Бұл жерде менің оқушыларды топқа бөлудің өзінде дарынды балалар ойлау өресінің кеңдігімен анықталатынына көзім жетті. Ақын өмірі, шығармашылығы қарастырылып, өлеңдегі негізгі идея анықталғаннан кейін өздерін таныстыруға арналған «Өзім туралы» тақырыбында өлең шығаруға бердім. Баланың сөйлеу шеберлігін дамыту әдісі – ақырғы нәтижеге жеткізетін оқушының белсенді әрекетке түсіретін әдістер жүйесі дейтін болсақ, шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі – баланы өлең жазуға төселдіру. Ол үшін ең алдымен оқушыларға ұйқас сөзінің мәнін түсіндіріп өлеңдердегі ұйқастарды табуға тапсырма бердім. Содан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар сосын буындар одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау түсіндірілді. Оқушылардың дені өзінің шама-шарқыны келгенше жазған өлең шумақтарын оқыды.

Талант – ең алдымен арнайы қабілеттердің жоғары деңгейде дамуы; өзінің сонылығымен, жоғары дәрежеде жетілдірілуімен және қоғамдық мәнімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы. Талантты адамдарға қызметтің белгілі бір түрімен шұғылдану тән, олар тандап алған ісіне құмар болады. Талантты адамның еңбегінің нәтижелері өздерінің түбегейлі жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленіп тұрады (бағдарлама, 38-бет).

Оқушылардың ой ұшқырлығын шыңдау мақсатында түрткі болу сұрақтарын қойдым. Осындай сұрақтар қою арқылы дарынды оқушыларды бақылап, алынған мәліметтеріме қорытынды жасап отырдым. Ә. Тәжібаевтың өмірі мен қызметі, «Сырдария» өлеңі тақырыбындағы сабағымда түйінді сөзді табуда оқушыларға «Днепр мен Еділді жазған кімдер еді?» деген сұрақ қойдым. Оқушылар ойланып, аздап кідіріп, «Жазса Пушкин Днепрді, жазса Тарас Еділді, Неге маған жырламасақ, Сырда туған елімді деп- Ә.Тәжібаев өзінің туған жеріндегі Сырдарияны жырлады», - деп өзінің зеректігін көрсетіп жауап берді. «С» - дыбысына негізделген аллитерациялық әдіспен сөйлем құрау кезінде *«Сыр сымбатты сыр суымен сырласып, сылдыраған, сәлден соң сыңғырлаған Сырдарияның сұлу суы сол сәтте сергек»* - деп сәтті шыққан сөйлемімен дараланды.

Қ. Бекхожиннің «Ақсақ Темір мен ақын» балладасындағы Ақсақ Темір мен ақын бейнесін ашудағы сабақта үй тапсырмасына «Ақсақ Темір мен ақын» балладасынан сахналық қойылым дайындауға берілген болатын. 4 топ сахналық қойылымда білімділік дағдыларымен қатар актерлық шеберліктерін байқатты. 2-топ қойылым барысында өз образдарын ашуда жаттандылықтан гөрі шынайылық пен шеберлікте басымдылық көрсетті.

Дарындылық пен талант мәселесінде зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ пікірге келе қоймады. Мәселен, Пиаже зияткерлікті барлық жек тұлғаларда бірдей дамиды деп бірыңғай жалпы қабілет деп қарастырса, Говард Гарднер субъектілер көп қырлы зияткерлікке ие деп есептеген. Ал Роберт Стернберг адам санасында өңделетін нақты материалдарға аса мән бермейді. Оның орнына ол зияткерліктің компоненттік, эмпиристік және мәнмәтіндік аспектілеріне назар аударады. Адами зияткерлік – бұл жеке тұлға өміріне қатысты шынайы ортаны бейімдеуге, іріктеуге және құруға бағытталған ой әрекеті деп тұжырымдайды. Сондықтан да біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз.

Талантты және дарынды балаларды оқытуда жеткен жетістіктерім:

- оқушыларды шығармашылық жұмысқа бағыттадым;
- нәтижесінде талантты және дарынды оқушыларды анықтадым;

- оқушыларымның сабаққа деген құлшынысын ояттым;
- өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіндірдім.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп — қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім (Стронг, 2011)- дегендей, қазіргі заман талаптарына сай мұғалімдерді даярлауда жаңа мақсат – міндеттер қойылып отыр. Мұғалімнің кәсіби білім мен біліктілігі жоғары деңгейде болып, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту проблемаларын шешуге шығармашылық қабілеттері болуға тиісті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
2. Бағдарлама «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.
3. Б.Тұрғанбаева «Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту».